

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 маусымындағы N 814 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 қазан N 1254. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.02.25. N 262 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Елабуга қаласындағы автомобиль зауытының қуаттары кешенін бірлесіп құру туралы үкіметаралық Келісімнің жүзеге асырылуына қатысуы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 маусымдағы N 814 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

"ЕлаАЗ-инвест" мемлекетаралық консорциумының жарғылық қорына акцияларының мемлекеттік пакеті табыс етілетін акционерлік қоғамдардың тізбесі:

"Қорғасын-тәжірибе зауыты" АҚ, - 77,2%

Өскемен қаласы

деген жолмен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі